

ПРОТОКОЛ №1

ХАТТАМА №1

« 26 » 08 2025 г.

« 26 » 08 2025 ж.

Академиялық кеңесінің отырысы

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ж.О.Жилбаев

Хатшы - Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Шақырылғандар: қатысу парағы бойынша

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Университеттің 2025-2026 оқу жылына жоспарлаған Академиялық кеңестің жоспарын талқылау және бекіту.

2. Университеттің 2025-2026 оқу жылына Академиялық кеңес мүшелерін бекіту.

3.2025-2026 оқу жылының академиялық мәселелер бойынша міндеттерін қарастыру туралы.

4. Әр түрлі мәселелер

4.1 2025-2026 оқу жылына арналған пәндердің оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) және білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі жөніндегі оқытушы журналының үлгісіне өзгеріс енгізу туралы.

4.2 2025-2026 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған пәндердің ОБӨЖ өткізу кестесін бекіту туралы.

4.3 Оқытушы-профессорлар құрамының (ОПҚ) баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары туралы.

1. Университеттің 2025-2026 оқу жылына жоспарлаған Академиялық кеңестің жоспарын талқылау және бекіту

ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2025-2026 оқу жылына университеттің Академиялық кеңес жоспары бекітуге ұсынылсын.

2. Университеттің 2025-2026 оқу жылына Академиялық кеңес мүшелерін бекіту
ҚАУЛЫ ЕТТІ: 2025-2026 оқу жылына университеттің Академиялық кеңес мүшелері бекітілсін.

2. 2025-2026 оқу жылының академиялық мәселелер бойынша міндеттерін қарастыру туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Инновациялық білім беру бағдарламаларын масштабтауды жалғастыру. *Мерзімі: тамыз 2025 ж. Жауапты: Академиялық істер департаменті.*
2. Жұмыс берушілермен серіктестікті нығайту бойынша ортақ іс-қимылдарды күшейту. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Академиялық істер департаменті, кафедра меңгерушілері.*
3. Біліктілік арттыру курстарына жаңа бағдарламалар даярлау және курстарды ұйымдастыру жұмыстарын жандандыру. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Үздіксіз білім беру орталығы.*
4. Білім алушылар мен оқытушылардың цифрлық құзыреттіліктерін арттыру: **Ai-Sana** жобасы аясында және **Coursera** платформалары арқылы жасанды интеллект курстарынан өткізу. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Академиялық істер департаменті, факультет декандары, кафедра меңгерушілері.*
5. Шетелдік тағылымдамадан өткен профессор-оқытушылар құрамының тәжірибелерімен бөлісу семинарларын ұйымдастыру. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі.*
6. Педагогикалық практика мен дуальды оқытуды күшейту. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: “Talant” апгрейд орталығы, кафедра меңгерушілері.*
7. Түлектерге тәжірибе алмасу, менторлық және жобаларды бірлесіп дамытуға арналған интерактивті алаң құру. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: “Talant” апгрейд орталығы.*
8. Жаппай ашық онлайн курстарын түсіруді күшейту. *Мерзімі: 2025-2026 оқу жылы. Жауапты: Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімі, кафедра меңгерушілері.*

4.Өртүрлі мәселелер

4.1 2025-2026 оқу жылына арналған пәндердің оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) және білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі жөніндегі оқытушы журналының үлгісіне өзгеріс енгізу туралы.

4.1 ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған пәндердің оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) мазмұнына төмендегі бағыттар бойынша өзгерістер енгізілсін:
 - ✓ оқу нәтижелеріне (ОН) сәйкес бағалау критерийлерін нақтылау;
 - ✓ сабақ барысында қолданылатын белсенді оқыту әдістерін оқу нәтижелерімен байланыстыру;
 - ✓ тапсырма түрлерін нақты көрсету және олардың оқу нәтижелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету.
2. Академиялық істер департаменті тарапынан ұсынылған өзгерістер университеттің барлық кафедраларында талқыланып, 2025–2026 оқу жылы басталғанға дейін бекітілсін.
3. Кафедра меңгерушілері:
 - ✓ силлабустардағы «Тапсырмалар және оларды тапсыру мерзімі» бөлімінде аралық бақылауларды (1–6 және 8–14 апталар) 100 балдық шкалада бағалау талабын орындауды;
 - ✓ Platonus жүйесінде апта сайын бағалау нәтижелерін уақтылы енгізуді және 7 және 15 аптадағы межелік бақылауларды өткізу мен бағалауды қадағалау жүктелсін.
4. Академиялық істер департаменті 2025 жылғы 27–29 тамыз аралығында жаңа оқытушыларға арналған Platonus жүйесімен жұмыс және бағалау критерийлері бойынша оқыту семинарларын ұйымдастырсын.
5. Оқытушы-профессорлар құрамы өз пәндері бойынша белсенді үлестірмелі материалдарды (БҰМ) Platonus жүйесіндегі ПОӘК мазмұнына сәйкес уақтылы

дайындап, жүктеуді қамтамасыз етуді бақылау факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне жүктелсін .

6. Білім алушылардың сабаққа қатысуы мен үлгерімі жөніндегі оқытушы журналының үлгісіне Platonus жүйесіндегі бағалау апталарына сәйкестендіру мақсатында өзгеріс енгізілсін:

✓ СМЖ ОҚПУ ПР 7.03-2023 «Оқу-әдістемелік процестерді басқару процедурасы» құжатының Н қосымшасындағы 85-бет жаңартылып, 1-межелік бақылау 7-аптадан кейін орналастырылсын.

7. Осы шешімнің орындалуын Академиялық істер департаменті мен кафедра меңгерушілері бақылауға алсын.

4.2 2025-2026 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған пәндердің ОБӨЖ өткізу кестесін бекіту туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4.2. 2025-2026 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған пәндердің ОБӨЖ өткізу кестесі бекітілсін.

4.3 Университет ОПҚ баспаға және Ғылыми кеңеске ұсынылатын оқу-әдістемелік құралдары жайлы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4.3.1 Х.К.Абдрахманованың «STEM-подход в среднем образовании» атты оқу-әдістемелік құралы Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

4.3.2 Ж.З.Торыбаева, М.У.Тусеевтің «Қауіпсіз ортамен адам саулығын қамтамасыз етуге волонтерлерді даярлау әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын.

4.3.3 Ж.З.Торыбаева, Д.С.Жаркинбаева, А.Н.Қуанышбаеваның «Жеке тұлғаның ортасы мен өмір салтын педагогикалық-психологиялық диагностикалау» атты электрондық оқулығы баспаға ұсынылсын.

Шешімдер мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева